ЖШС « Жиенбет ата» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік жиналысының хаттамалары

2023-2024ж

Орындаған меңгеруші: Т. Кунбаева

Өндірістік кеңестің №1 хаттамасы

25.08.2023ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Спорттық құралдарды толықтыру, Жаңа оқу жылына дайындық.
3. Балалар тізімін анықтау, ситценнен балаларды жыл ерекшелігіне сай бөлу.
4. Бала қауіпсіздігі және қызметкерлердің өз қауіпсіздігі туралы нұсқау жүргізу.

1 . Тыңдалы: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева сөз алды:

Жазғы маусым өз қызығымен, жылулығымен келсе де, атқарар іс-шараларымыз көп болды. Балалар еркін ойнап, шынығып, таза ауада серуендеп бойлары өсіп қалды. Жаңа оқу жылына ғимараттың қажетті жерлері әктеліп, сырлайды. Құралдарды ұқыпты пайдалануды тапсырамын дейді.

2. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А. Купеншеева Мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі бала өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңестік дамытушы орта құру. Ал спорттық ойындарға арналған құралдар да балаларға қауіпсіз, ыңғайлы, бала санына жеткілікті, жас ерекшелігіне тура келуі керек.

Спорттық құралдар ретінде секіртпелер, шома, доптар, құрсауларды толықтыру керек. Сонымен бірге суда жүзу құралы- баллондар қажет. Құралдарды орынды пайдаланып, ұқыпты болуымыз керек. Егер келісіп жатса, ата-аналар демеушілік жасаса, қарсы емеспіз. Ата-аналармен де түсіндіру жұмыстары дұрыс ұйымдастырылып, жолға қойылса. Балалардың дене қимылын

дамыту шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстар, кеңестер ұсынуды тапсырамын деді.

3. Тыңдалды: Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, ситценге тіркеу тізімдерін анықтау жөнінде балабақша әдіскері А. Купеншеева

түсіндіріп өтті: Балаларды жаңа оқу жылына топтауда тәрбиешілері топтағы ересектер мен ортаңғы топ балаларының мектепке кететіндерін анықтап, ата-аналармен әңгімелесуді тапсырды. Қалатын балаларды анықтап, қайсы топқа бала жетпесе кезекте тұрған балаларды қабылдау басталатынын, жасына қарай топтау. 1-2 жас емес.1 қыркүйекте 2-ге толған 2 жасар болуы керек, 3,4,5 жастағы балаларда солай. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізу, оқу тәрбие үдерісін жүргізуде бала жасына лайықты болуы тиіс деп түсіндірді.

4. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева оқу-тәрбие үдерісі кезінде, балабақшада жалпы қауіпсіздігі мен қызметкерлердің өз қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулықтар беріп өтті. Қауіптілікті және қауіпті тудыратын жағдайлардың алдын алу, ұқыпты болу, жауапкершілікті сезіну, талап-ережелерді қатаң сақтап, орындауды тапсырды. Ғимаратта өрт сөндіруші құралдардың өз орнында болуы, пайдалану жұмыстары екі реттен кем емес тексерістен өткізуді тапсырды.

Шешім:

1. Барлық топтарда жас ерекшелігіне сай спорттық құралдарды толықтыру. 01.09.2022-ге дейін. Жауапты: шаруа мең-і М Туршаева , тәрбиешілер, меңгеруші Т. Кунбаева
2. Балаларды жас ерекшелігіне қарай 29.08.2022 дейін балалар тізімін анықтау. Жауапты: тәрбиешілер, әдіскер
3. Балабақшада өз қауіпсіздігін, балалардың қауіпсіздігін сақтау ереже-талаптарын қатаң сақтау. Жауаптылар: меңгеруші
4. Т. Кунбаева шаруа мең-сі, ұжым қызметкерлері .

Төрайымы: Т.Кунбаева

Хатшы: А. Купеншеева

Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар:10 15.12.2022

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жылу мәселесі.
3. Балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру мақсатында, сауықтыру шараларына арналған құралдар көрмесін ұйымдастыру.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева жалпы балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісіне, балалар тізіміне, қатысуына, себеп-салдарына, жас ерекшеліктеріне қажетті құралдар мен оқу құралдары, дамытушы ортаға қойылатын талаптар, балабақша қызметкерлерінің өз міндеттерін дұрыс атқаруына, жауапкершіліктері мен сапасына, уақытына тоқталды, тапсырмалар берді. Әрбір маман өз лауазымдық міндетін толық, жауапкершілікпен атқаруды тапсырды.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева қызметкерлермен балабақшада жылу жүйесі іске қосылғанда сақталатын қауіпсіздік ережесіне тоқталды: Қауіпті тудыратын жағдайларды байқаған кезде басшыларды жедел түрде хабардар ету, жылу жүйесінің қауіпсіздік ережелерімен танысып, меңгеру, электр тогына қосылатын құралдарды пайдаланбау, жылу жүйесінен су кеткен жағдайда, тосын жағдайда өмір қауіпсіздігінің ережелерін сақтай білуге дайын болу. Балаларды жылу жүйесіне рұқсатсыз тиіспеуге дағдыландыру, қадағалау. От жағушы қазандықтардың жалпы жағдайы туралы баяндап тұруға тиісті.

3.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева балабақша қызметкерлеріне балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында сауықтыру шараларына арналған құралдар жасау, тұрмыстық-қалдық заттарды пайдалана отырып, пайдалы заттар жасауға шақырды, тапсырды. Әрбір тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі бір-бір құралдар жасау сапалы, көрнекті болуы тиіс деді. Бала денсаулығын қолға алайық деді.

Шешім:

1. Бала тәрбиесінде әрбір қызметкер өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарсын. Жауаптылар:Барлық қызметкерлер.
2. Жылу жүйесі кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау, бөлме жылу температурасы 20-22*С-да сақталуын қадағалау. Жауаптылар: Медбике: З. Байгузиева
3. Сауықтыру шарасына арналған құралдар жасау, әрбір қызметкер 13 желтоқсанға дейін өткізу. Жауаптылар: Барлық қызметкерлер.

Төрайымы Т. Кунбаева

Хатшы А. Купеншеева

Кезектен тыс өткізілген өндірістік кеңестің хаттамасы

Қатысқандар:10 02.02.2024

Күн тәртібі:

1. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауымен танысу, талқылау.

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева

Құрметті әріптестер мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз жолдауын жолдады. Қ.Тоқаев еліміздің тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаны, тұңғыш президенттіміз Н.Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді мемлекетке айналғанын, Назарбаев моделі қазір бірге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігін беріп отыр. Еліміздің қарқынды дамуына елбасы саясатының сабақтастығын сақтай отырып, жүйелі реформалар жүргізетінін, сайлау алдындағы бағдарламасында халыққа берген уәдесін міндетті түрде орындайтынын айта отырып, 5 бағытты өзінің ой-пікірлеріне тоқталды деп таныстырып өтті.

Сөйлегендер: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева жолдаудың 4 бағытында айтылған әлеуметтік жаңғыру пікірі бойынша балабақшада дарынды балалардың қабілетін одан әрі дамытуға, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, ерекше қажеттіліктері бар балаларға көңіл бөліп, жағдай жасауға аса назар аударуымыз қажеттілігін айтты.

Сөйлегендер: Балабақша тәрбиеші көмекшілері көп балалы аналар мемлекет басшысы Қ Тоқаевтың бастамалары орындалып жатқанына ризашылығын білдірді.

Шешім:

1. Елбасымыздың жолдауына сенім білдіреміз және қолдаймыз. Жауапты: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева

Төрайымы: Т. Кунбаева

Хатшы: А. Купеншеева

Кезектен тыс өткізілген өндірістік кеңестің хаттамасы

Қатысқандар: 8 17.03.2024жыл.

Күн тәртібі:

1. Жетісай аудандық білім бөлімі басшысы Т. Мирзалиевтің 16.03.2020-ға №729 шығыс хатындағы короновируспен күрес жөніндегі тапсырмаларын орындау жөнінде.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева аудандық білім бөлімінен келген талаптарын орындау, басшылыққа алу қажеттілігін түсіндіріп, тапсырмаларды орындауды бұйырды.

Елімізде орын алып жатқан жұқпалы ауру короновирус өршіп тұр. Әлем бойынша медицина қызметкерлері емін іздеп жатыр, күрес жүргізілуде. Шет мемлекеттерден елімізге келген қонақтар немесе қандастарымызбен бірге келмеуіне кепілдік жоқ. Осы дерттің алдын алу үшін ұйымдастырылып отырған күрес жөнінде

- Ғимараттарда саниторлық-дизенфексиялық режимді(желдету, ауысымды кемінде 3 рет ылғалды жинау, дизенфексиялау) сақтау.
- Топтардың үй-жайларын кворцтауды ұйымдастыру.
- Балаларды топқа қабылдау кезінде міндетті таңертеңгілік сүзгілі өткізу.

Сонымен бірге білім №48 бұйрығына сәйкес

- Білім беру ұйымдарында санитариялық-эпидемиялық және алдын-алу шараларын күшейту бойынша шаралар қабылдансын.
- Бұқаралық іс-шараларды/ мерекелік, концерттік,мәдени,конференциялар,семинарлар, көрмелер\ өткізуге тыйым салынсын.
- Халықаралық іс-шараларға шығуға тыйым салынады, мәжіліс өткізу барынша азайтылсын.

№3 Өндірістік жиналыс хаттамасы

Наурыз18 .03.2024

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1 .Медқызметкердің жарты жылдықта жасалынған жұмыстарының қорытындысы.

2.Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру.(шұғыл тексеру)

3.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.

Медқызметкердің жарты жылдық жұмыс қорытындысы

Баяндамашы: Медбике З. Байгузиева

Жарты жыл ішінде балалардың денсаулығы бақылауда ұсталды. Таңертеңгі фильтрлер күнделікті жүргізілді. Ата-аналарға жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша кеңес беріліп отырды. Балалардың бойы мен салмағы тіркеліп, жас ерекшеліктеріне сай талдау жасалды.

Сондай-ақ, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша тәрбиешілерге нұсқаулық жүргізілді. ЖРВИ, тұмау, ішек аурулары бойынша алдын алу шаралары жасалды деді. Балалардың антропометриялық өлшеу кезінде бойы өсіп,салмақ қосқандарын айттып өтті. Бақшада күн тәртібі ретімен сақталатынын,үнемі шынықтыру ,сауықтыру шаралары жүріп тұратынын айтып өтті. Әр 2айда спорттық сайыстар өткізілгенін,балалардың қатысуы жоғарылағанын айтып өтті . Ас мәзірінің құнарлы тағамдармен толықтырылғанын,алма,банан,иогурт беріліп тұратынын айтты. Дене шынықтыру сабағын үнемі үздіксіз жүретіні де айтылды.

2.**Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру (шұғыл тексеру)**

Баяндамашы: Шаруашылық меңгерушісі және меңгеруші орынбасары

Ас блогына шұғыл тексеріс барысында бірқатар кемшіліктер анықталды: Ыдыс-аяқтарды сақтау ережесінің бұзылуы,Тағам қалдықтарын уақытында шығару тәртібі сақталмаған,Тазалық журналдары толық толтырылмаған.

3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу

Баяндамашы: Меңгеруші / Медбике

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау – басты міндет. Балабақшада өрт қауіпсіздігі, алғашқы көмек көрсету, жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша тәрбиешілерге, көмекші персоналға нұсқаулық жүргізілді.

Серуен кезінде, сабақ уақытында және демалыс сәттерінде қауіпсіздік шаралары күшейтілді деді.

Барлық күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Қызметкерлердің жауапкершілігі күшейтіліп, бақылау шаралары жалғастырылады.

Шешім:

Барлық қызметкерлерге қауіпсіздік нұсқаулықтарын қайта өткізу (қол қойғызу арқылы)
Қауіпсіздік бұрыштарын барлық топтарда жаңарту
Ойын алаңдары мен жабдықтарын техникалық тексерістен өткізу
Ас блогының санитарлық жағдайын қатаң бақылау

Хатшы **А. Купеншеева**

Кезектен тыс өткізілген өндірістік кеңестің хаттамасы

Қатысқандар: 8

17.05.2024жыл.

Күн тәртібі:

1. Жетісай аудандық білім бөлімі басшысы Т. Мирзалиевтің 16.03.2020-ға №729 шығыс хатындағы короновируспен күрес жөніндегі тапсырмаларын орындау жөнінде.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Т. Кунбаева аудандық білім бөлімінен келген талаптарын орындау, басшылыққа алу қажеттілігін түсіндіріп, тапсырмаларды орындауды бұйырды.

Елімізде орын алып жатқан жұқпалы ауру короновирус өршіп тұр. Әлем бойынша медицина қызметкерлері емін іздеп жатыр, күрес жүргізілуде. Шет мемлекеттерден елімізге келген қонақтар немесе қандастарымызбен бірге келмеуіне кепілдік жоқ. Осы дерттің алдын алу үшін ұйымдастырылып отырған күрес жөнінде

- Ғимараттарда саниторлық-дизенфексиялық режимді(желдету, ауысымды кемінде 3 рет ылғалды жинау, дизенфексиялау) сақтау.
- Топтардың үй-жайларын кворцтауды ұйымдастыру.
- Балаларды топқа қабылдау кезінде міндетті таңертеңгілік сүзгілі өткізу.

Сонымен бірге білім №48 бұйрығына сәйкес

- Білім беру ұйымдарында санитариялық-эпидемиялық және алдын-алу шараларын күшейту бойынша шаралар қабылдансын.

Өндірістік кеңестің хаттамасы № 4

Мерзімі: Мамыр 2024

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1.Жедел тексеру.Еңбек қызметтерін ұйымдастыру(Барлық топтар)

2.Топтардағы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының өткізілуін тексеру қорытындысы

3.Өз білімін көтеру нәтижелері.

Бірінші мәселе бойынша барлық топтағы балалардың өзі-өзіне қызмет етуін кадағаланды. Табиғат бұрышында,ас столын жасауда,¥.О.І.Ә-не кезекшілік койылды.Балалардың жұмыс жасау кезінде кауіпсіздігіне, тазалығына назар аударылды.Серуен кезінде өз учаскелерін,ойын аландарын тас,ағаш,қағаз қалдығынан тазалау жолға койылды. Тексеру қорытындысы бойынша кіші топ тәрбиешілеріне әдістемелік кеңес берілді.

Екінші мәселе бойынша медбике З. Байгузиева мен әдіскер А. Купеншеева тексеру қорытындысын айтып өтті. Әдіскер ұйымның алдында тұрған жауапты міндет-күрделі, өмірден өз орнын таба білетін дені сау, мәдениетті, шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу деді.

1. Сауықтыру жұмысының жүйелі өткізу:

-бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға жағдай жасау.

-бала өмірін қызықты мазмұнды ету

-дене және психикалық денсаулығын нығайту деді.Оқу жылында сауықтыру шынықтыру жоспары бойынша барлық шаралар өткізілгенін атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер тәрбиешілердің өз-білімін жетілдіру жұмыстарын тексеру қорытындысын айтып өтті. Баяндама тақырыбына сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізуге кеңес берілді. Баяндама мазмұнына сай презентация жасау ұсынылды.

Шешімі:

1. Баланың жеке еңбек икемділігі дамытылсын.

2. Сауықтыру- шынықтыру шараларын өткізуді қадағалау медбикеге жүктелсін .

3. Тәрбиешілер өз білімін жетілдіру жұмысын толықтырылсын.

Жиналыс төрағасы : Т. Кунбаева

Жиналыс хатшы А. Купеншеева